

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚОБЫЗДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕРІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Мукашева Диана Маратқызы di.mukashevaaa@mail.ru «Дәстүрлі музыка өнері» білім бағдарламасының 4-курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, ө.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Тұрмағамбетова Б.Ж.

Аты аңызға айналған Қорқыттан басталған қобыз аспабы ғасырлар бойы қазақпен бірге жасасып, Алтынбек, Дүкен, Ықылас, Түсіпбек, Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаевтардан аманатталып бүгінгі күнге жетіп отыр. Кейбір мәліметтер бойынша Қорқыттан бұрын бақсылардың аспабы болған деген де тұжырым да бар, бұл тұжырым көбірек шындыққа жанасары айқын. Дегенмен, халық аузынан жиналған Қорқыт туралы біршама аңыз-әңгімелер бар. Қорқыт – бақсылықпен қатар күйші. Оның күйлері ел есінде мәңгіге қалмақ – «Қоңыр», «Башпай», «Желмая», «Әуппай», «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Елім-ай» шығармалары осы күнге дейін сақталып, ойналып келеді. Күйлерінің көбі мәңгілік өмір іздеп жүрген сапарларында шықса, кей күйлері белгілі бір оқиғаларға арналып шығарылған. Солардың бірі, «Башпай» күйінің шығу тарихына қысқаша тоқталып өткенді жөн көреміз. Зерттеуші ғалым Г.Омарова өзінің «Қазақтың қобыз дәстүрі» еңбегінде былай дейді: «Бірде, өлімнен қашқан Қорқыт Сырдарияның жағалауына келіп, өзеннің бетіне кілем төсеп, қобыз ойнап отырса қарындасы дорбамен тамақ әкеп беріпті. Дорбағаның түбінде жатқан қарақұрт Қорқытты шағып алады. Алланың жұмсауымен жерге түскен Әзірейіл жанын алуға келгенде Қорқыт тәубеге келіп, күнәларына кешу өтініпті...» [1, 59-б.]. Ары қарай ол өзінің қырық жыл бойы өлімнен қашқанын күнә сезінетінін, сонан соң ұйықтап жатып аңдамай аяғының қарындасына тиіп кеткеніндігін айтып, жерге көмген кезде аяғының көмілмеуін өтінеді. Аңыз бойынша ол қобызын өзімен бірге көмуді де өтініпті. «Осы аңыз желісінің негізінде Қорқыттың көрінде керемет шипагерлік қасиет бар деп келген халықтың ғасырлар бойғы наным-сенімі жатыр» [1, 60-б.]. Осылайша Қорқыттың күйлері деп жеткен шығармалардың шығу тарихы әртүрлі. Мысалы «Қоңыр» өмір мен өлімнің арпалысы туралы мәңгілік тақырыпқа арналса, «Желмая» өзінің астына мінген ертегі кейіптегі түйесіне арналады, ал «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Әуппай» өзі куә болған оқиғаларға арнауы. Зерттеушілердің бір тобы осы күйлерді «Қорқыт туралы күйлер» деп айтуды ұсынады (өнертану докторы Г.Омарова). Ал енді бірі оның тарихымызда болғандығына күмән келтіреді. Қазақ музыка тарихында Қорқыт атадан кейінгі, есіме ел есінде қалған қобызшы – Ықылас Дүкенұлы. Оның атасы Алтынбек, әкесі Дүкен де (Тама руынан шыққан) өз заманының мықты қобызшы орындаушылары болған. Бала кезден өнерге жақын Ықылас Қорқыт есімін ұмыттырмай, сақтап, ұрпаққа үлкен мұра, аманат етіп қалдырып кетті. Ол өнер жолына бала кезінде түс көріп, түсінде Қорқыттың өзін көріп, оған ұсынған заттарынан қобызды таңдағаны жайында А.Жұбановтың еңбегінде және «Қобыз атасы – Ықылас» атты аңыздар жинағында оқиғалар баяндалған [2, 26-б.]. Ықылас – шебер орындаушы, күйші. Оның бүгінге қалған тамаша туындылары көп. Жас кезінен шығарған күйлері бақсы сарындарынан өзгеше болып, сонысымен ерекшеленген. «Қасқыр», «Кертолғау», «Ерден», «Жез киік», «Аққу», «Шыңырау», «Айрауықтың ащы күйі», «Қамбар батыр», «Жалғыз аяқ» секілді көпшілік күйлері музыкалық оқу орындарында міндетті 252 бағдарламада әлі күнге дейін ойналып келеді. Сонымен бірге көп танымалдылыққа ие болмаған күйлері де аз емес. Олар «Қаншайым», «Бозторғай» сияқты туындылары. Әрқайсысының өз тарихтары бөлек әңгіме. Солардың ішінде ел ішінде ойып орын алған, орындалу шеберлігі бір бөлек «Аққу» күйінің аңызын келтіре кетейік. Ертеде

бір жарлы кемпір және оның ұлы мен қызы болыпты. Бір күні жау келіп, ауылдас ағайынына ажырап қалып, ішетін азық таба алмайды. Содан әжесі мен қарындасын уайымдаған ұл аң аулауға шықпақ болады. Әкесінен қалған мылтықты алып, бір дауысты естіп көлге қарай барады. Қараса көлде жүрген аққулар екен. Амалы жоқ бала құсты мәжбүрліктен атып жібереді. Бірақ оқ дәл тимей, аққулар ұша жөнеледі. «Үйіне құр қол оралғысы келмеген бала екі өкпесін қолына алып, аққулардың соңына жүгіреді. Жүгіріп келе жатып: «Ей, аққу құс, аққу құс, Аспандамай жерге түс. Барар жерің Балқан тау, Ол да біздің көрген тау!» – деп жалбарына зарлайды» [2, 82-б.] – бұл эпизод қобызда орындаушылықпен шебер көрсетілген. Аққуға оғы жетпеген бозбала үйіне құр қол қайтады. Келер күні таң ата бозбала тағы азық іздеп аңға шығады. Бұл жолы ол олжалы қайтады. «Осыдан кейін бала аңшылыққа машықтанып алып, анасы мен қарындасын тамақтан тарылтпайтын болады. Кейін осы бала ер жетіп, рулы елдің басы болып еді дейді» [2, 83-б.], – деген. Аңыз ел ішінде кеңінен таралып, қобыздағы орындаушылық шеберлікті айқындай түсті. Яғни, аққуға арналған күйін тыңдап отырғанда болып жатқан оқиғаны, адамдардың айтқан сөздерін, құсты тарс еткізіп ату сәті, үйге көңілсіз оралған бозбала, бәрі-бәрін шеберлікпен көз алдыға келтіреді. Осы секілді қазақ музыкасының орындаушылық тарихында қобызда орындаудың шеберлігі Ықылас шығармашылығынан басталып сипатталады. Мысалы, көп аңыздарда қобызда орындаушылық шеберліктерін тамаша суреттеп, аң-құстардың қобыз даусын ерекше қабылдайтыны айтылады. Ықыластың басынан өткен оқиғалары бойынша және аңыз күйлерінен басқа, эпостық күйлері де бар. Олар, «Қамбар-Назым», «Қамбар батыр», «Мұңлық-Зарлық», «Қазан» және т.б. Бұл туындылар күйшінің бала кезінен әкесінен үнемі әңгімелерді естіп өскеннен керемет туынды болып шықты десек те болады. Қазақтың қобыз өнерін жалғастырған халық арасынан шыққан, орындаушылықты өз шығармашылығымен дамытқан шебер музыканттардың күйшілердің келбетіне шолу жасап көрелік. Олардың шығармашылықтары туралы әртүрлі дереккөздерде берілген: Ықыластың ұлы Түсіпбек, Сүгір Әлиұлы, Ашай Бекмағамбетұлы, Әбікей Исаұлы, Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаев, Сматай Үмбетбаев, Базархан Қосбасаров, Қасымов Жұмағали, Гүлнафис Баязитова секілді із қалдырушы мықты мамандар. Ерте кездегі күйлердің көпшілігі осы кісілердің арқасында бізге жетіп отыр. Яғни, даңқты Ықылас пен одан тікелей тәлім алған шәкірттерінің дәстүр сабақтастығын (зерттеуші Г.Омарова нұсқасы бойынша) кестемен былай келтіруге болады. 253 XX ғасырда қобызда орындаушылыққа үйрететін арнайы оқу орындары ашылғаны белгілі. Онда осы аты айтылған көп тұлғаларымыз қызмет жасап, өз үлестерін қосты. Солардың бірі Сүгір мен Әбікейдің шәкірттері Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаев. Олар 1934 жылы Алматы қаласында өткен бүкілқазақстандық өнерпаздар слетіне қатысып, көзге түседі. Сол жылдары алғаш рет ұйымдасып жатқан музыкалық ұжымдарға қызмет етуге шақырылады. Қазақ ұлт аспаптар оркестрлерінде орындаушы, жеке солист болып, уақыт өте келе Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында ұстаздық қызметтерін атқарып, көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарады. Олардың арасында Жаппас Қаламбаевтың еңбек жолы тарихи үлкен маңызға ие. Ол алғашқы оркестрдің мүшесі, кейін концертмейстері, жоғары оқу қабырғасында тұңғыш қобызшы ұстаз. Қазақ халық аспаптар оркестрінің қалыптасуының басында тұрған ірі тұлғаның бірі Жаппас Қаламбаев 1909 жылы дүниеге келген. Туған жері Шымкент облысы, Созақ ауданы. Әкесі Қасымбек домбырада күйлерді шебер шертіп, ән салған, музыкалық аспаптар жасайтын шебер болған. Ол ұлының музыкаға қызығушылығына қолдау көрсеткен. Өсе келе ол домбыраны да, қобызды да тең игереді. 1937 жылдары ең алғаш нотамен ойнау тәсілі келгенде, қобызшы нотаны тез меңгеріп алады. Нота үйренген ол өзі білетін туындыларды нотаға түсіріп, жинақ қылып құрап жүрді. Еңбек жолы Алматы

музыкалық техникумының ұлттық оркестріне мүшеліктен басталады, 1935 жылы ұжымға солист-қобызшы ретінде орналасқан. 1940 жылы ұлттық оркестрдің тұңғыш қобызшысы болып бекітіледі, ал 1946 жылы осы оркестрдің концертмейстері қызметіне ауыстырылады. Оның жан-жақты шығармашыл тұлға болғандығы жөнінде үлкен қызы Дина Жаппасқызы былай деген: «Көптеген күйлер шығарды, ән де жазды. Біраз күйлерін өз атынан емес танымал халық композиторларының атынан жаздырған кездері де ұшырасты. Көптеген халық композиторларының күйлерін нотаға түсірді» [3]. Ж.Қаламбаевтың «Дала еркесі», «Туған Қазақстаным» күйлерінің нотасы Орталық архив қорында сақталған. «Кең өлке» әні, «Падция/Қаншайым/» әні, Құрманғазы оркестріне арналған «Вальс», «Еңбек маршы» шығармалары да бір төбе. Сонымен бірге Ж.Қаламбаевтың композитор ретінде өзге авторлармен бірге жазған драмалық және музыкалық-драмалық, эстрадалық туындылары бар. Оның репертуарында көптеген шығармалар, күйлер болған. Ол көптеген халықтық күйлерді нотаға түсірген. Жаппас Қаламбаев біраз жылдар қызмет еткен Құрманғазы оркестрінен 1966 жылы «Қазақконцертке» жұмыс ауыстырады. Ол 1967-69 жж. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында оқытушы болған. Сол кездегі консерватория ректоры Е.Рахмадиев қобыз класының ашылғаны туралы былай айтқан: «1967 жылы консерваторияға ректор болып келгенде қылқобызды оркестрден шығарып тастағанда Жаппекенді осы оқу орнынан қылқобыз класын ашып, жетекшілік етуге шақырдым» [3]. Ұсынысты қабылдаған Ж. Қаламбаев өнерінің жалғастық табатынына қуанады. Келесі Әбікейдің шәкірті болып, күйлердің көпшілігін Ықыластың ұлы Түсіпбек қобызшыдан үйренген тұлғалардың бірі Дәулет Мықтыбаев еді. Ол 1904 жылы Ақмола облысы, Қорғалжың ауылында дүниеге келіп, бала кезінен қобызға қызығушылығы күшті болып, өмір бойы сүйікті ісімен айналысып, өз шеберлігімен қобызда орындаушылық өнерін дамытып, бүгінге бізге мұра қылып қалдырып кетті. Дәулет Мықтыбаев өте дарынды тұлға болды. Ол Түсіпбек қобызшының үйреткен күйлерін тез меңгеріп алды. 1937 жылға дейін Қарағанды филармониясында солист бола жүріп, 1937-1941 жж. Алматы қаласындағы Жамбыл филармониясында қызмет істеді. 1941-1945 жж. Кеңес Армия қатарында борышын өтеп, соғысқа қатысты. 1945-1955 жж. аралығында Қазақ мемлекеттік филармониясында еңбек етіп, «Қазақконцерт» мекемесінде қобызшы болып жұмыс жасады. Қобыз өнерінде зор үлесін қосып, өмірінің соңғы жылдарында, яғни 1970 жылдан бастап, Жаппас Қаламбаев бастаған Құрманғазы 254 атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында қылқобыз класын жалғастырып ұстаздық етті. Дәулет Мықтыбаев жұмыс істеп жүрген кезінде, «Қазақ Радиосы қорына Д.Мықтыбаев Ықыластың көп күйлерін; «Ерден», «Қазан», «Қамбар батыр», «Жолаушының жолды қоңыры», «Кертолғау», «Айрауықтың ащы күйі», «Шыңырау», Әбікейдің «Жалғыз аяқ», «Көзбеннің Сарынын», «Қорқыт», «Аққу» күйлерін жаздырып қалдырды» [4] делінген. Ол Ықыластың репертуарындағы күйлерді баласынан үйренгендіктен бізге өзгеріссіз бүгінге жетті. Бізге жеткен қобызда орындалатын ең көне туындылар Қорқыттыкі болса, оның жеткізуші, өмірде нақты болған адамдар арқылы Ықыласқа жеткен, және де Ықыластың өзі де бұл өнерге үлкен үлесін қосты. Осылай Ықылас шығармашылығын бізге қалдырған осы кісілер. Жаппас пен Дәулет Сүгір, Ашай, Әбікейдің шәкірттері болса, екі қобызшының да тәрбиелеген мықты жалғастырушы көп шәкірттері болды.1 Олар Балғаева Фатима, Үмбетбаев Сматай, Кәлембаева Меруерт, Жұмабеков Әбдіманап, Қосбасаров Базархан, Молдакәрімова Ғалия т.б. Жаппастан кейін Д.Мықтыбаев консерваторияда ұстаздық етеді. Консерваторияның алғашқы түлегінің бірі – Фатима Балғаева болды. Фатима Балғаева 1951 жылы Берлинде өткен Бүкілдүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивалі сайысының және А.Жұбановтың қобызға арнап жазған «Көктем вальсін» керемет орындап лауреат атағына ие болған тұлға. Көп шәкірттерін тәрбиелеп шығарған. Олар М.Қаламбаева,

Г.Изтелеуова, Р.Нұртазина, Н.С.Сиражев, К.Ахметова, З.Бисембаева секілді т.б ұстаз ізін жалғастырушы тұлғалар. Фатима Балғаева кафедра меңгерушісі болып тағайындалып, қызмет еткен. Тарихымызда әр өңірден шыққан қобызда орындаушы шебер күйшілер туралы ақпараттар бар. Олар көп танымалдыққа ие болмады, бірақ қобыздың дамуына үлестерін қосты. Мәселен, Жұмағали Қасымов. Қобыз өнеріне үлкен үлес қосқан, қобызда ойнау өнерін алып келген азаматтардың бірі. Бұл кісінің есімі өте кең таныс емес еді. 1934 жылы оркестр құрамына еніп, көп қобызшыларға ойнау тәсілінің бір түрін үйретіп кеткен. Бұл кісінің шәкірті есімі елге танымал, ірі жетістіктерге жеткен Гүлнафис Баязитова болды. Гүлнафис Баязитова – Қазақ КСР-інің халық әртісі. Оркестрде концертмейстерден бастаған ол, халық әртісі деген атаққа дейін іліккен тұлға. Ол 1917 жылы дүниеге келген. Алғаш кезде ол қобыз аспабын таңдамай, мандолина, гармон іспеттес аспаптарды ойнап жүрді. 1935 жылдары Алматыға оқуға түседі. Сол кезеңде енді ұйымдастырылып жатқан қазақтың халық аспаптар оркестріне шақырылады. Оркестрде көп жылдар еңбек етіп, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген атағына ие болған. Ол көп жылдар музыка айналасында еңбек етті. Жеке концерттерін беріп, халық ән-күйлері мен Қазақстандық композиторлардың және Батыс Еуропа классиктерінің туындыларын оркестрдің сүйемелдеуімен шебер орындап жүрді. Отызыншы жылдардан бастап қобыз аспабының қайта жаңғыруымен бірге жаңа форматтағы түрлері пайда болды. Қоңыр үнді қобыз аспабының тек күй орындап қана қоймай, әнді қостап, жыр жырлауға мүмкіндігі бар, оның үстіңгі шанағы теріден жасалғандықтан ұрмалы аспап ретінде, ал ілінген сылдырмақтары қосымша дауыс ретінде әсем дыбыстар беріп бірнеше міндеттерді атқарған. Мысалға, қылқобыз, үш ішекті немесе төрт ішекті қобыздар, прима-қобыз, нар қобыз, егек, екі ішекті жез қобыз т.б. Осындай қобыздардың жасалуы табандылықты, еңбекті талап етеді. Қобыз жасау үшін ұзақ уақыт қажет. Өйткені оның әр бөлігі уақытты қажет қылады. Дыбысы анық қоңыр шығуы үшін міндетті құралдармен, белгілі өлшеммен жасалуы тиіс. Көптеген зерттеушілер осы қобыз аспабы туралы естеліктер қалдырған. Алғашқы қазақ ұлттық аспаптарын зерттеген ғалым Б.Сарыбаевтың еңбегінде қылқобыздың зерттелуіне ішекті аспаптар бойынша «Қылқобыз» тараушасы арналған. Ғалым өз еңбегінде қазақ жерінде болған 255 саяхатшылар мен этнографтардың ғылыми жазбаларында қобыз аспабы туралы көптеген деректердің бар екенін айтқан. Саяхатшы П.С.Паллас Орал өзені бойындағы қазақтардың және Семейдегі қазақтардың қобызда ойнағанын көрген. И.Гмелин Астрахань маңынан кездестірген қобызын ауызша бейнелеп, оны экспедиция мүшесі суретші И.Борисов сурет етіп салған. «Иван Борисовтың салған суреті, қобыздың алғашқы үлгілерінің бірі» дейді Б.Сарыбаев [5, 129-б.]. Совет ғалымдары да өз пікірлерін айтты: А.Жұбанов «Қобыз аса бір қызықты аспап. Оның тұла бойында толып жатқан музыкалық қасиет бар» («Ән-күй сапары», 144-бет) десе, академик Әлкей Марғұлан «Қобызды аққудың түріне келтіріп жасаудың зор тарихи дәстүрі бар» [6, 61 б.], - деді. Осы зерттеулердің нәтижесінде қобыздың бейнесі ерте кездегідей сақталынып қалды десек болады. Енді аспаптың құрылысына тоқталсақ. Құрылысы бас, құлақ, мойын, шанақ, ішек, тері, тиек, ішек тартқыш, түйме деген бөліктерден құралады және әрқайсысы өңдеуден өтіп, сапалы болып шығады. Қобыздың басты ерекшелігі – қыл ішектерінде. Сондықтан «қылқобыз» деп аталып келеді. Дыбыстардың қоюлығының бірден-бір себебі осы ішектерімен байланысты. Жылқының қылынан алынып, ұзындығы артығынан қолданылып, сапасына аса жоғары мән беріледі. Астыңғы ішегіне 30 тал қыл салынған болса, үстіңгісі одан көбірек 40-50 талдай қыл болуы керек. Бұрауы квинта және квартаға түсіріледі. Кварта бұрауы оң бұрау немесе қоңыр бұрау делінсе, квинта бұрауы тік бұрау деп аталады. Ысқышы садаққа ұқсас келіп, ол да қылдан жасалады. Одан кейін – шанағы. Негізгі бөліктерінің бірі. Дыбыстың сапалы болуы осы бөлігінің басты міндеті десек болады. Шанақ екі бөліктен тұрады. Оны Д.Тезекбаев «Қобыз сыры» атты кітабында

астыңғы және үстіңгі қақпақтары деп атаған. Астыңғы қақпақ ағаштан ойып алып жасалынса, үстіңгі қақпағы түйенің терісінен жасалады [7, 12-б.]. Келесісі – тиек. Кішкене ғана бөлшек болғанымен, тұрған орны дыбыстың анық шығуына үлкен әсерін тигізеді. Осындай әр бөлшегі белгілі бір міндеттерді атқарады, әрі бірін-бірі байланыстырып тұрады. Қобыз жасау екінің бірінің қолынан келе бермейтін үлкен жұмыс. Қобыз жасауда көп үлес қосқан, қобыздың ұмытылып кетпеуіне үлес қосқан кәсіби шеберлеріміз бар. Олар ағайынды Э. және М. Романенколар, Ахмет Жұбанов, Қамбар Қасымов, сонымен бірге көптеген шеберлердің қатарында қазіргі танымал Жолаушы Тұрдығұлов, бұлардың қатарына 50-жылдары Атыраудан шыққан аспап жасаушы шеберлер Мырзағали Бисенғалиев пен Мұса Әділовтерді атауға болады. Ағайынды Романенколар түрлі қобыздарды жасады және оркестрге А.Жұбановтың бастауымен жаңаша үш және төрт ішекті қобыздарды 1934 жылы тұңғыш рет халық аспаптары құрамына кіргізді. «Осыған байланысты қобыз қайта жабдықталды. Қосымша ішек орнату арқылы диапазоны кеңейіп, дыбысы өңделе бастады, қобыздың түрі жақсарды. Ысқышы осы заманғы скрипканикімен алмастырылды. Мұның өзі ойнау техникасын жетілдіріп, үн шығару мен ойнау шеберлігінің мүмкіндігін арттырды» - дейді Б.Сарыбаев «Қазақтың музыкалық аспаптары» кітабында [5, 131-б.]. Осыдан кейін оркестрге қылқобыздың қасына қосымша ең алғаш үш ішекті қобыз шықты. Оны жасауға Қамар Қасымов пен Эмануил Романенко көп үлестерін қосты. Уақыт өте келе бұл үш ішекті қобыздың диапазоны жетпей, 1953-1954 жылдары Шамғон Қажығалиев пен Досымжан Тезекбаев одан әрі жетілдіруге ойларын білдірді. Осылайша төрт ішекті қобыздар пайда болды. Олар қазіргі уақытта прима қобыздар деп аталады және классикалық күрделі шығармаларды ойнауға еркін, ыңғайлы аспап ретінде саналады. Бұл қобыздардың өзі бір үлкен топқа жатады. Олар прима-қобыз, альт-қобыз, бас-қобыз, контрабас-қобыз болып 4 дауысқа бөлінеді. Қобыз бір қалыпқа оңай келмеді. Оның келуі үлкен ізденістерді талап етті. Қобыздың күні кешегі уақытқа дейін әртүрлі формада болғандығын қобызшы педагог Ә.Жұмабеков былай әңгімелеген: «Кейбір шеберлердің ауыз жаппай мақтағаны уақыт өтпей жатып түкке жарамсыз болып қалады. Немесе қобыздың терісі қыстың күні суыққа шыдамай, тез жыртылып кетеді. Қандай тері пайдалану керектігін зерттемей, әйтеуір шала-пұла жасай салатындар көп. Жолаушының ондай әдеті жоқ. Айта кетерлік жәйт, бұрын қобыздар әртүрлі 256 болатын. Бірі ұзын, бірі қысқа келетін. Жолаушымен ақылдаса отырып, соның барлығын бір жүйеге келтірдік. Қазіргі қобыздардың дыбысы да, тембрі де жақсы. Әркім қалағанынша жасамайды. Ортақ параметрлердің қалыптасуына Жолаушының еңбегінің көп сіңгенін айта кеткеніміз жөн» – дейді [8]. Яғни бүгінгі біз қолданып жүрген қобызға келудің өз тарихы, өз жолы бар екен. Бұндай реттелудің, стандартталудың басында кәсіби орындаушы маман мен кәсіби аспап жасаушы шебер біліктілігі жатыр. Ж.Тұрдығұлов еліміздегі мықты шеберлеріміздің бірі. Ол тек қана қобыз өлшемін келтіріп қана қоймай, домбыраның жиырма түрін, жетіген аспабын жасаған, сонымен бірге электр-домбыра жасаған алғаш білікті маман. Оның шеберханасынан шыққан қобыздары көп конкурстардан, мысалы, республикалық «Дана қобыз» байқау-бәйгелерінің Бас жүлдесіне ие болды. Қобыз сөзі әртүрлі мағыналарды береді. Сол атаулары жайында көп зерттеушілер өз пікірлерін айтты. Солардың бірі Есмағамбет Исмайылов былай деді: «... Қазақтың қобыз, лебіз, әуез, аңыз, абыз деген сөздердің түбінде жақындық үлкен, бәрі де қобыздан шығатын күйдің сарынын, үнін, әуенін білдіреді... Қобыз, абыз, лебіз, әуез... деген ұғымдардың Украинның кобзарымен жақындығы да болуы ғажап емес, өйткені кобзарьдың түбірі татардың комуз дегенінен шыққан...» [6, 62-б.]. Бұл пікірі қобыз сөзімен қоса, осы сөздердің ұқсастығын айтқан болуы керек. XV ғ. жыраулық дәстүрі тұсында олар өздерінің толғауларын, жырларын қобызбен сүйемелдеген. Оны біз Т.Қоңыратпай «Қазақ музыкасының тарихы» деген кітабынан мына

сөзінен байқасақ болады: «Хандық дәуір жағдайында поэзия жеке өнер саласы ретінде жіктеле қоймаса керек. Бұл кезеңде қобыз немесе домбырасыз жыр жырлап, толғау айтқан жыраулар болған емес. Олай болса бұл мәдени құбылыстың мәнін көрсетуде жыраулық поэзиядан гөрі жыраулық өнер деген тіркестің жарамдылығы айқын» [9, 134-б.] – делінген. Жалпы «жырау» сөзі – түрікмен ұғымы бойынша «бахшы» деп аталған. Қазақ ұғымында қобызды бақсының серігі деп қарау түсінігі қалыптасқан. Өйткені бақсы адамды емдеу кезінде түсініксіз сөздермен былдырлап, қиқулап, оттың үстінен секіріп, болашақты болжаған, ауру адамды емдеген, оның ұрмалы аспабының және қобызының қоңыраулары сылдырлап, қобызға таққан сылдырмақтары мен айна сынықтары оған ерекше магиялық сипат бере түсетіндей. «Бақсылық» ұғымына көбірек «шаманство» термині ұқсас келеді. Бұл термин ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде кеңінен тарап кетті. Содан уақыт өте «шаманизм» сөзі шығып, «шаманство» сөзімен қатар жүрді. Кейін көптеген пікірлер туып, екеуі екі түрлі жеке ұғымда қолданылатын болды. Жалпы бақсылар фольклор жасаушылардың бұрынғы өкілдері болып саналады. Бірақ ақын, жырау, сал-серілерге қарағанда біраз айырмашылығы бар. Оның бір айырмашылығын атқаратын міндетінен көреміз. Олардың басты міндеті көркем шығармашықпен айналысу емес, берілген нақты бір дүниетанымға бағытталған діни культті атқару болды. Бақсы – шаман дінінің бір бөлігі. Бұл бір орында тұрған құбылыс емес. Сондықтан оның өзіндік даму кезеңдері бар. Оны В.Г.Богораз-Тан былай төрт кезеңге бөліп қарастырған: бірінші кезеңі – үй ішіндегі бақсылық; екінші – мамандалған бақсылар; үшінші – рулық қоғаммен байланысты және төртінші – дамыған тайпалық және таптық қоғамда бақсылықтың ыдырау кезеңі деп бөлген. Осылай төртінші кезеңіне жетіп бақсылық жойыла бастаған мезетте, оның тек сақталған жалғыз қызметі емшілік болды. «Шамандық сенім бойынша адам екі түрлі жолмен ауырады: 1. Зиянкес (злые духи) тәнді жайлап алады; 2. Зиянкес тәннен жанды ұрлап алады» [10, 56-б.] – деп екі түрге бөлген. Сол себептен бақсының қызметі осы екі міндетті қарсы бағытта атқару болып саналды. Бақсылар халық түсінігі бойынша жын-шайтанның кесірінен болған ауруларды емдеген. Ал ырым қызметтерінің бірі – болжаушылық еді. Қазақтың бақсылары әр түрлі болжаған. Дегенмен, ең бастысы жындардың көмегіне сүйеніп, болжайтын болды. Бірақ 257 олармен әр кезде байланысу мүмкін емес, тек біреудің өтініші арқылы жүзеге асатын. Шаман, бақсылар әр тарихи кезеңде түрлі сипатта көрініп келеді. Бақсылар тек адамдардың тағдырына, денсаулығына, ісіне ғана болжамдарын жасайтын болған. Осы жоғарыда айтылған қызметтерді бақсылар орындамағанда, бақсы бейнесі шықпас еді. «Бәрінің басын қосып, ұйытқы болып тұрған – тәңірі-иелерге деген нық сенім. Бақсы – иелермен тіл қатысып, сөйлесе алатын, айтқанын істетте алатын жалғыз өкіл. «Бақсы болу үшін адамға мың сан жын қонуы шарт. Бақсылықтың күші де шайтандардың көмегіне байланысты» [10, 59-б.], – деген пікір бақсылардың бейнесін суреттегендей. Бұның айта кететін бір тұжырымы, бойында бақсылық қасиеті бар адам бақсы боламын деп болмайды, ол тағдырына жазылып, жындардың мәжбүрлеуі арқылы өз еркінен тыс бақсы болады. Қарсы келсе жындардың қаһарына ұшырап, өмірі қиын өтері айқын. Қобыздың бақсы аспабы ретінде қолданылғанын мына сөзден байқасақ болады: «Бақсының синкретті өнерінің бір саласы – күйшілік, аспабы – қобыз, ал одан да бұрын – даңғыра, дабыл» [10, 61-б.], – деп жазылған. Осылайша қобыз аспабының жыраулармен қатар бақсылар қолданғанын айқын көрсек болады. Оны біз ежелден бақсылардың күй мен сарындарын ойнап, о дүниемен байланысып, емші ретінде танылғанынан көреміз. Қобыз (қылқобыз) аспабы жөнінде біраз мәліметтерге шолу жасауға тырыстық. Ендігі кезек оркестрде қолданылып жүрген, жоғарыда топтары аталып өткен аспаптарға тоқталуды жөн көреміз. Олар прима-қобыз, альт қобыз, бас-қобыз, контрабас қобыз. Бір кездері бақсының аспабы деп бақсымен бірге

қудаланған қобыз XX ғасырдың 30 жылдары қайта жаңғырып, өзінің кәсіби өнерде өмірін қайта бастады. Әйгілі қобызшылар Ж.Қаламбаев, Д.Мықтыбаевтар арқылы қылқобыз сахнада жеке орындаушылық аспап ретінде күйлерді насихаттады. Осы кезеңде сонымен бірге қазақ ұлттық аспаптарымен бірге ансамбльде қолданыла бастады. Ал 33-34 жылдардан бастап төрт ішекті прима-қобыздар мен бас-қобыздар секілді түрлері оркестрде қолданысқа ие бола бастады. Бұл 1940-шы жылдарды осы қобыз аспабы топтары жаңа қырынан көрініп, әуенді шығармаларды әдемі орындағандықтан көзге көбірек түсті. Мүмкін, осыдан болар, қылқобызда орындаушылық салыстырмалы алғанда екінші планға ауысты. 1960-шы жылдардан бастап прима-қобызда жеке орындаушылық кең дамып, музыкант Бүкілодақтық байқауларға қатысып, насихаттала бастады. Оған Фатима Балғаеваның жетістіктерін мысалға алсақ болады. Аспап туралы әлі де шешімін таппаған сұрақтар кездеседі. Олардың бірі, орыс саяхатшыларының домбыраны емес, қобызды, сыбызғыны көбірек сипаттап, суретін салып, кең қолданыстағы аспап деп мәліметтер жазып қалдыруында. Бұл аса назар аудартатын деректер деп санаймыз. Себебі, қобыз аспабы туралы ізденістер жүргізген кезде этнографтардың мына пікірі ой салады. Олардың айтуына қарағанда, XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқында қобыз бен сыбызғы аспаптары кең тараған. «Орынбор губерниясында екі жыл болып, қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпын зерттеуге көп көңіл бөлген этнограф Алексей Левшин: «...қырғыздардың ең басты музыкалық аспабы қобыз бен сыбызғы» деп жазды. Сондай-ақ П.С.Паллас пен И.Георги және XVIII ғасырдағы басқа саяхатшылар да өздерінің ғылыми жазбаларында қобыз бен сыбызғыны бәрінен көп суреттегендерін көреміз. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов та XIX ғасырдың орта кезінен бастап қобыздың азайып сиреп бара жатқанын байқаған» [5, 130-б.]. Біздің ойымызша қобыз бен сыбызғы өзінің кең таралуын белгілі бір аймақтармен байланыстыруы мүмкін. Сонымен қатар домбыраның аса кең танымал боп өркендеуі XIX ғасырдың ортасы мен екінші жартысына түсуі мүмкін деп те ойлаймыз. Тұжырымдай айтқанда, қобыз аспабының дамуы XX ғасырдың 30-шы жылдарында қайта жаңарып, дамып, жаңа формаға түсіп, жетіліп, жеке орындауда да, оркестрде өмірі жалғасты. 258 Яғни, қобызда орындаушылық өнері екі бағытта дамыды. Бұл екінші бағыты оркестрлермен байланысты болып келеді. Қазақстанда тұңғыш ұйымдастырылған Құрманғазы оркестрінен кейін барлық облыстарда мүмкіндігінше өзінің оркестр ұжымдары құрыла бастады. Олардың барлығының дерлік құрамында қобыз болуы шарт еді. Солардың бірі 1957 жылы құрылған Атырау облысындағы Дина Нұрпейісова атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі еді. Гурьев қаласындағы ірі өнер ұжымының ұйысуы мен оқу орнының ашылуы. Атырау өлкесіндегі қобызда орындаушылық өнер туралы айтқан кезде ондағы екі түрлі бағытты көрсетуге болады. Оның бірі – оркестр ұжымы болса, бірі – арнайы оқу орындары. Яғни қаладағы балалар музыка мектептері мен арнайы орта білім беретін музыка училищесін айтамыз. Жалпы музыканттарға тәжірибелік тұрғыда оркестр ұжымында ойнау – олардың кәсіби дамуына үлкен көмегін тигізетіні белгілі. Онда аспапты одан әрі меңгере түсіп, репертуарды кеңітіп, нотаны оңай жүргізе алу дағдысын дамытуға, жетілдіруге мүмкіндік мол. Айтпағымыз, Атырау жеріндегі қобызда кәсіби орындаушылықтың негізін қалаушы тұлға осы екі бағытты қатар бастап, қатар ұстап, қатар дамытуға атсалысқан дарынды музыкант болды. Мәдениетіміздің дамуында оркестр ұжымдарының алатын орны орасан зор. Олар қазақтың музыкалық өнерін дамытуда үлкен үлестерін қосуда. Мысалы, көптеген концерттер беріп, түрлі ән-күйлерді оркестрге арнап өндеп, өзге елдерді аралап мәдениетімізді насихаттап, танытуда. Айта кетсек, олардың ең алғашқысы, академик Ахмет Жұбанов ұйымдастырған домбырашылар ансамблінен бастау алып, кейін мемлекеттік академиялық халық аспаптар деңгейіне дейін көтерілген алғашқы ұжым – Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық халық аспаптары оркестрі еді.

Осы ұжымнан кейін республикамыздың әр өңірінде шағын немесе орташа деңгейдегі облыстық, қалалық оркестрлер мен ансамбльдер құрыла бастады. Солардың арасындағы ең ірі әрі танымал ұжымдардың тарихына шолу жасап көрелік. Тұңғыш Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінен кейін ірі ұжымның бірі әрі бірегейі Атырауда құрылып, қоғамдық негізде жұмыс жасаған Дина Нұрпейісова атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі. 1956 жылы Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, өнер жанашыры Нұртас Оңдасынов жас маман С.Құсайыновты елде оркестр құруға шақырады [11, 95-б.]. А. Жұбанов осы кезде жас маман Сейілхан Құсайыновты шақырып алып: «Гурьев облысының басшысы ел болашағын, өнер болашағын алыстан ойлайтын азамат. Сол жігіт қолқа салып отыр. Жас, жігерлі азаматсың. Қостанайдан біраз тәжірибе жинап келдің. Еліңе барып, қазақтың ұлттық өнерінің өресін кеңейтсең қайтеді? Сол батыс өлкеде біздің Құрманғазы атындағы оркестрдей оркестр құрылса деп едім. Ол жердің халқы аса өнерлі болып келеді. Болашақ оркестр мүшелерін солардың арасынан іздейсіңдер. Жақсы іздесеңдер – табасыңдар да, Раушан саған жақсы көмекші бола алады. Бірің домбыраны, екіншің қобызды жандандырсаң, бәлкім бұл арманымыз да орындалып қалар» деп кеңес береді [12, 16-б]. «Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мәдениет қызметкері», «Еңбек ардагері», «Ерең еңбегі үшін» медальдарының, Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің Грамоталарының иесі Нұрпейісова Раушан Түсіпбекқызы Атырау өлкесінің мәдениетінде үлкен із қалдырған тұлға. 1956-1972 жж. сол кездегі Гурьев қаласындағы Балалар музыка мектебінде қобыз класының мұғалімі, осы жылдары Дина Нұрпейісова атындағы халық аспаптар оркестрінің қобызшы-солисі болып қызмет етті. 1958 жылы ашылған Гурьев музыка училищесінде қобыз класын ашады. Дина Нұрпейісова атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі бастапқы кезде 1955 жылы 8 адамдық домбыра үйірмесі Мұнайшылар мәдениет үйінде ашылды. 1956 жылы 13-14 адамнан құрылған ансамбльге айналды. Осы жылдың күзінде Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваторияны аяқтап келген Сейілхан Құсайыновқа көркемдік жетекші болу міндеттелді. Жұбайы Раушан Нұрпейісова да жоғары білімді маман болып, бірге келді. Ол қалаға келген 259 алғашқы кәсіби қобызшы болатын. Ансамбльге Гурьев педагогикалық институты оркестрінен 10-ға жуық студент қатысып, құрам саны арта түсті. 1956 жылы Гурьевке іссапармен келген композитор, дирижер Н.Тілендиев жас ұжымды тыңдап, тағы да аспаптар қосу жөнінде кеңесін береді. Жас маман 1957 жылы Құрманғазы атындағы облыстық балалар музыка мектебінде қобыз класын ашады. Сол кезде, облыстық атқару комитеті шақырып, өтініш білдірді. Оның арнайы қобызшылар тобын ашып, сабақ беруі керектігін айтты. Сөйтіп, қобызшылар тобын Раушан Нұрпейісова, домбыра примадан М.Шим дәрістерін беріп, қадағалады. 2-3 адамнан құрылған топ, уақыт өте 15 адамға да жетті. «Олардың ішінде тіпті Людмила Черная деген орыстың әнші қызы да қобызшы болыпты», – делінген [11, 143-б]. Тұжырымдай айтқанда Раушан Нұрпейісованың қобыз өнерінде орындаушылықты дамыту бағыттары бойынша мынадай бастамалардың негізін қалыптастырды: 1-графика. Раушан Нұрпейісова бастамалары 1950-ші жылдары Құрманғазы оркестрінен кейінгі Атырауда дүниеге келген екінші оркестр болып қалыптасты. Жалпы оркестр ұжымында сол уақытта 53 музыкант өздерінің шеберліктерімен көзге түсті. Музыканттар туралы дирижер Қ.Кипиевтің «Халық аспаптары оркестрі даму тарихынан» (2016) еңбегінде жазылған. Олар: оркестр жетекшісі – Сейілхан Құсайынов; домбыра тобынан – Токсанбай Құлтумиев, Ғинатолла Есенғалиев, Зәрден Есжанов, Өмір Жүсіпов, Құмар Қасанов, Әндеш Таширов, Серік Даулетьяров, Сисенбек Есенғалиев, Сафи Сарсенғалиев, Сағидаш Мырзағалиева, Орынғазы Исқашев, Тұрғанәлі Үсенғалиев, Боздақ Рзаханов, Жәкула Нұрғалиев, Әзербай Білеубаев, Әділ Есқалиев, Бақтығали Шұғыпанов, Бақыт Қарабалина, Батыр Қуанов, Штәкон Сұлтанов, Мәулет Қарасаев, Абдолла Мусағалиев, Орын Құлсариев, Зәбен

Жарылғасов, Нысанбай Сауғабаев, Орынбасар Өтегенов, Кенжеғали Андақұлов т.б; әнші – Жолдыбай Сағынғалиев. Біздің зерттеу нысанымыз өлкенің қобыз өнері болғандықтан оркестрдің қобызшыларына нақтырақ тоқталып өткенді жөн санаймыз. Ал қобыз тобынан – концертмейстер, қобызшылар ұстазы Раушан Нұрпейісова, Мұса Әділов (альт-қобыз), Талап Балтаев (бас-қобыз), Сағынғали Көпшіков (бас-қобыз), Күләш Өмірбаева (прима-қобыз), Людмила Ивановна Черная (прима-қобыз), Ғазиз Бердешов (альт-қобыз), Әмина Бердешова (прима-қобыз), Рабиға Нұрпейісова (прима-қобыз, студент), Қаным Ахметжанова (прима қобыз), Қанапия Ахметова (прима-қобыз) [11]. 260 Ұжым көп фестивальдерге қатысып жүрді. Яғни өз еңбек жолын 1957 жылы оркестр ретінде бастады. Алғашқы ұйысқан уақыттан бастап 1972 жылға дейін оркестрдің көркемдік жетекшісі және дирижері композитор, домбырашы Сейілхан Құсайынов болды. Раушан Нұрпейісованың класынан тәлім алған кейінгі қобызшылар легіне тоқталсақ, оның шәкірттері Сұлұхан Қожантаева, Салиха Мырзағалиева, Ғалия Шопанова және т.б. есімдерді атауға болады. Бұл танымал тұлғалар Р.Нұрпейісованың алғашқы еңбек жолының жемісі болып табылады. Бізге берген сұхбатында Раушан Түсіпбекқызы Нұрпейісова қобызда орындаушылықтың насихатталуы жөнінде: «XX ғасырдың ортасында астанамыз Алматы қаласы мәдениет ошағы болса, одан кейінгі қобыз өнерінің екінші даму ошағына айналған облыс бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау облысы болып танылған», - деген еді. Бұл облысымыздағы қобыз өнерінің бірден қарқынды дамып, кең насихатталғандығын көрсетеді. Гурьев музыка училищесінде Р.Нұрпейісова қобыз класын ашқаннан кейінгі жылдарда қобызшы Нариман Сиражев, Тұрсын Жантулова сынды жас мамандар еңбек жолын бастады. Олардан кейінгі буында Ғ.Шопанова, С.Мырзағалиева, О.Қарашева, С.Мырзағалиева және т.б. алғашқы кәсіби қобызшы ұстаздар туралы және олардың еңбек жолы жайында, осы тұлғалардың класынан тәлім-тәрбие алып, облыс, аймақ, республикаға таралған шәкірттер еңбегіне бұдан бұрынғы мақалаларымызда баяндауға тырыстық [13]. Тұжырымдай айтқанда Қорқыттан бастауын алып, бізге белгілі тұлғалардан Алтынбек, Ықылас арқылы Жаппас пен Дәулет қобызшыларға жалғасып, отызыншы жылдардағы оркестрге, кейінірек арнайы жоғары оқу орындарына жалғасып кең насихатталған қобызда орындаушылық өнерінің өз тарихы, өзіндік жолы бар. Елуінші жылдардың соңында Атырау өлкесіне халық аспаптары оркестрінің ұйымдасуына орай келген қобызшы маман арқылы бұл облыс ірі мамандар даярлайтын орталықтың бірегейіне айналады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, 1973 ж. Р.Нұрпейісованың класынан тәлім алған Нәсу Табынова-Абдиқаримова Ақтөбе музыка училищесінде, 1977 ж. Нұрсұлу Елеуғалиева Қызылорда музыка училищесінде, 1993 ж. Ханшайым Балапашқызы Маңғыстау өнер колледжінде қобыз кластарын алғашқы мамандар болады.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:** 1. Омарова Г.Н. Қазақтың қобыз дәстүрі. Жоғары оқу орындарына арналған Оқу құралы. – Алматы: «Волкова Е.В.» баспаханасы, 2019. – 160 б. 2. Жақанов И., Хасенов И., Шақанов Б. Қобыз атасы – Ықылас. – Алматы: Рауан, 1993. – 136 б. 3. Шамқызы Г.Р. Қазақтың бірегей қобызшы музыканты Жаппас Қаламбаев // <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/59588/> 4. Дәулет Мықтыбаев (1904-1976) мектебінің өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктері. // <https://bigox.kz/daulet-mukybaev/> 5. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1980. – 208 б. 6. Бейсенбекұлы О. Сазды аспаптар сыры: Көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 128 б. 7. Тезекбаев Д. Қобыз сыры: оқу құралы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1997. – 52 б. 8. Тұрмағамбетова Б. «Жолаушы Тұрдыұлов – ұлт аспаптарын жаңаша жаңғыртқан шебер» // <http://www.musicart.kz/index.php/rus/portrety/38-> 9. Қоңыратпай Т. Қазақ музыкасының тарихы: Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 264 б 261 10.

Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013. Т. 93: Магиялық фольклор. – 432 бет.

11. Кипиев Қ.М. Халық аспаптары оркестрі даму тарихынан. Көпшілікке арналған ғылыми-танымдық оқу құралы. – Атырау: АтМУ баспа орталығы, 2016. – 215 б.

12. Бекзат болмыс/құрас. О.Қарашева, Ө.Әлімгереев. – Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасы, 2017. – 192 б.

13. Тұрмағамбетова Б. «Қобызда кәсіби орындаушылық өнердегі Атырау өлкесінің орны» // Әлем халықтарының мәдени мұрасы: этномұзыка, этнофор, этнограф: Қазақстанның тұңғыш Халық әртісі А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағының 100 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік симпозиум материалдары (12-13 наурыз, 2025). – Алматы, 2025. – (360 б.). – Б. 328-331.